



16-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

## Күрделі сот талқылауы





## Жоспар:

1. Күрделі сот талқылауының жалпы сипаттамы
2. Woolf реформасынан кейінгі қиындықтар
3. Қиындықтарға қарсы тұру механизмдері
  - 3.1 Сот талқылауын алдын-алу шаралары
  - 3.2 Іске басшылық жасау: сот талқылауына дайындық кезінде соттың тікелей бақылауы
  - 3.3 Іске басшылық жасауды жетілдіру
  - 3.4 Апелляция мен ақпаратты ашудағы шектеулер
  - 3.5 Апелляция бойынша шектеулер
  - 3.6 Тараптарға қарсы санкция шығындары
  - 3.7 Заңгерлер мен сарапшыларды тәртіпке үйрету
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі бойынша күрделі істерді жүргізу мерзімдері мен сот шығыстары
  - Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

## 1. КҮРДЕЛІ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМЫ

Күрделі сот талқылауы АСЕ қабылданғанға дейін аса мұқияттықпен дәлелдеуді қажет ететін соттық іс жүргізу болатын. Ағылшын құқығы бойынша Англияда күрделі сот ісін жүргізетін арнайы жеке «кодекс» немесе «нұсқаулық жоқ».

Күрделі сот талқылауы ретінде сот талқылауына дайындық аса қиындығымен ерекшеленетін істердің қаралуын түсінеді.

Аса қиын істер келесі белгілермен ерекшеленеді:

1. Техникалық немесе арнайы сипаттағы сұрақтары бар істер;
2. Дауға қолданылатын заңдардың көп болуы;
3. Ортақ дауға қатысты сұрақтар санының көп болуы;
4. Іске қатысатын тараптар саны, әсіресе жеке ұсынылған талап қоюлар немесе талап қоюлардағы әртүрлі ерекшеліктер;
5. Шешімге қатысты бір немесе бірнеше шағымдану болған кезеңдегі істің дамуында әртүрлі процедуралық шаралар;
6. Қолданылатын құзыреттілікке қатысты тұрақсыздық;
7. Құзыреттілік арасындағы қайталаулар;
8. Ұқсас және қайталанатын сұрақтарды қайта қарауға талпыну.

Бұрынғы Апелляциялық соттың судьясы Anthony Clarke мәлімдеуінше, күрделі сот талқылауына істі дайындаудың қиын екендігі айқын.

Жетекші американдық зерттеушілер күрделі сот талқылауын жүзеге асыру барысында кездесетін келесі мәселелерді атап өтеді:

1. құқықтық және фактологиялық қиындықтар;
2. тараптар санының көп болуы;
3. сот талқылауына қажет қаржының көп жұмсалуды.

Англияда күрделі талқылаулар Үлкен сотқа жіберіледі. Мұндай істер қатарына келесілер жатқызылады:

1. Зияткерлік меншік аясындағы даулар;
2. Алаяқтықпен байланысты үлкен істер;
3. Ортақ үкімет пен жергілікті өзін-өз басқару органдары шешімдерін қайта қарауға байланысты істер;
4. Коммерциялық келісім-шарттан туындайтын қиындықтарға байланысты істер;
5. Ірі қаржы ұйымдары ыдырағаннан кейінгі олардың дәрменсіздігі туралы істер.

Керісінше шағын тұтынуға, мерзімсіз қарызды өндіріп алу, тұрғын үй даулары мен тікелей өтемақыны талап ету фактілері бойынша талап қоюларда заң мен фактілер нақты болса, талқылау тез жүреді. Азаматтық іс жүргізу бойынша өте күрделі талқылау ретінде 1950 және 1960 жылдары ядролық қаруды сынау кезінде радиацияға қатысты болған Жоғарғы сотта қаралған АВ қарсы тарап Ministry of Defence (2012) ісін айтуға



болады. Жоғарғы сот Апелляциялық соттың 1980 жылғы Шектеулерді алып тастау туралы Заңның 33 тарауы бойынша өз қалауы бойынша шектеулерді алып тастау туралы шешімін сол күйінде қалдырды. Lord Walker бұл топтық талықаудың аса қиын екенін атап өтті.

## 2. WOOLF РЕФОРМАСЫНАН KEЙІНГІ ҚИЫНДЫҚТАР

1994 жылғы ACE дейінгі азаматтық іс жүргізу жүйесіне түсініктеме бергенде, істің кешігуі, күрделілігі мен құнының жоғары болуы ең басты қиыншылық болып саналды. Салдарынан ағылшын азаматтық іс жүргізу жүйесі аталған қиындықтардан зардап шекті.

Жаңа 1998 жылғы «Азаматтық сот өндірісі» туралы ереже аталған қиындықтарды азайтуға бағытталды. Бұл ережелер 1995 және 1996 жылғы Lord Woolf's «Әділ соттылыққа қол жетімділік» («Access to Justice») атты баяндамаларына негізделді. Жалпы қазіргі таңда ағылшын азаматтық сотында істі кешіктіру аз кездеседі. Жаңа құқықтық мәселелерді шешудегі ұзақ уақыттың жұмсалуды апелляцияға байланысты ішкі үдерістермен байланысты. Негізгі қиындық сот талқылауының жоғарғы құнымен байланысты (18.02 және әрі қарай). Осылайша қазір істі кешіктіру айтарлықтай қиын мәселе емес. Дегенмен АСӨ сот талқылауының жоғары құны айтарлықтай төмендеген жоқ.

2007 ж. бұрынғы Апелляциялық соттың судьясы Anthony Clarke (қазіргі Lord Clarke) әлі күнге дейін АСӨ сот талқылауы бақылауынан тараптарға шығуға мүмкіндік беретінін мойындады. Қаралған аса күрделі істер ретінде екі істі атап өтуге болады, екі іс те Лондондағы Коммерциялық сотта (Королдік Үлкен соттың бөлімі) қаралған. Бұл екі істің бірнеше ортақ белгілері бар:

- Істер ұзақ, әрі қымбат;
- Талап қоюлар сәтсіз жасалған;
- Іс күрделі, кешігіп жүргізілді, әрі қымбат болғандықтан жалпы заң процесін бұзып жіберді.

Коммерциялық соттағы бірінші іс Equitable Life Assurance қарсы тарап Ernst & Young 2005 жылы сәуірде басталып, 2009 жылы қарашада аяқталды (процесс 4 жылға созылды). Коммерциялық соттағы екінші іс Rivers District Council and others қарсы тарап Governor of the Bank of England (2006) ісі екі жылға жуық жүрді (жалпы он екі жылға созылды).

Осындай күрделі істер әділсоттылыққа күмән келтіреді. Сот жүйесінің дауларды тез әрі тиімді шешу сенімділігіне нұқсан келтіреді. Дегенмен Апелляциялық соттың бұрынғы соты күрделі істердің қалыпты істерге қарағанда ерекше екендігін дұрыс атап өтті. АСӨ жүйесі аясында қаралатын сот істері жылдам қаралып, сұрақтар нақты анықталады және сот шығындары үлкен болғанымен аз халықтардың ЖІШ асып түспейтінін атап өтті.

## 3. ҚИЫНДЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Қиындықтарға қарсы тұрудың негізгі механизмдері:

- сот талқылауын болдырмау шаралары;
- сот талқылауын дайындау барысындағы тікелей қадағалау;
- ақпаратты ашудағы шектеулер;
- апелляцияға шектеулер;
- тараптарға қарсы санкциялық шығындар;
- шығындар туралы ордер берместен бұрын заңгерлер мен сарапшыларды тәртіпке үйрету.

### 3.1 Сот талқылауын алдын-алу шаралары

Коммерциялық секторда медиациялық келісім кең таралған. Азаматтық істер бойынша ең тәжірибелі бұрынғы судья Robert Turner әдеттегі азаматтық талқылаулардың өзі қазіргі таңда «даулы мәселені шешудің балама» («ADR») жүйесі болуы мүмкін екендігін атап өтті.

1999 жылғы енгізілген алдын-ала әрекет ету хаттамасында даулы мәселені шешуде «сот процессі» ең соңғы саты болуы керек екендігі айтылған. 2007 жылы автордың түсіндіруінше ағылшындардың алдын-ала әрекет ету хаттамасы жүйесінің негізгі мақсаты формальды сот талқылауы мен шығындарды болдырмай істі тез әрі фактілер негізде реттеу. Хаттамадағы ережелер негізінен өздігінен орындалады және дауласушы тараптардың бірлесіп жұмыс жасауын талап етеді. Соттар алдын-ала сот талқылауына тек талқылау басталғаннан кейін ғана қатысады. Содан кейін соттар алдын-ала әрекет ету хаттамасын



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Күрделі сот талқылауы

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

орындамаған тараптарды сынайды. Соттардың сот шығындарын реттеуде үлкен құзыреттілігі бар. Сол секілді үкімет даулы мәселені шешуде азаматтық талқылауға қарағанда ADR арзанырақ түсетінін мойындайды. Сонымен қатар сот жүйесі істің медиация келісімі арқылы шешілгеніне қолдау білдіреді. Ағылшын соттары орынды деп тапқан жерде медиация келісімін қолдап, «жазалау мен ынталандыру» жүйесі арқылы жұмыс жасайды.

Дегенмен Sir Rupert Jackson алдын-ала әрекет ету хаттамасын қолдануды қысқартқан жөн деп санайды.

### 3.2 Іске басшылық жасау: сот талқылауына дайындық кезінде соттың тікелей бақылауы

АСӨ көзделген «қадағалау» (track) жүйесі Үлкен сотта ең күрделі істерді талқылауға мүмкіндік береді.

«Көп жақты істер» (multi-track) тікелей сот басшылығы (Үлкен сот пен округтік соттарда болатын сот процесстерінің барлық әрекеттері өте қымбат процесстерді құрайды) арқылы жүзеге асырылады. 1995-1996 жылғы Lord Woolf есептері Үлкен сот процесстерін қоса алғанда барлық сот процесстері мен «көп жақты істерде» әрекет етудің негізгі техникасын қабылдады. АСӨ 1 бөліміне сәйкес сот істің талап қою мақсатына сай әрекет етіп жатқанын, процедуралық тәртіптің сақталғанын, сот шығындарының төмендетілгенін, істің жылдам әрі әділ жүріп жатқанын қадағалап, оған сенімді болуы қажет.

Іске басшылық жасаудың үш негізгі міндеті бар:

- Тараптарды келіссөз жасауға ынталандыру (1.01 және әрі қарай II том);
- Істің тым баяу әрі бәсең дамуының алдын алу;
- АСӨ 1 бөлімінің «Негізгі міндетіне» сай, сот шығындарын пропорционалды үлестіруді қамтамасыз ету.

Бұл соттан іске қатысуша тараптар мен сотқа қол жеткізуді көздейтін өзге тараптардың талаптарын нақтылауды қажет етеді.

Sir Rupert Jackson барлық соттардың нұсқаулық беретін бағдарламалық жүйеге қолжетімділігін қамтамасыз етудің қажеттігін атап өтті. Ол сондай-ақ сәтсіз басшылық жасалған істерді сынға алып, олардың сот жүйесіне теріс ықпал ететінін және сот шығындарының жалпы құнын өсіруге әкелетіндігін де атап өтті.

### 3.3 Іске басшылық жасауды жетілдіру

Lord Neuberger іске басшылық жасауды жан-жақты зерттеді. Ол жекелеген соттар осы іспен сот талқылауының басынан бастап айналысуы үшін көп жақты күрделі істерді ұлғайтып, нығайтуды ұсынды.

### 3.4 Апелляция мен ақпаратты ашудағы шектеулер

АСӨ 31 бөлімі сот талқылауына дайындық барысында тараптар арасында құжат алмасуға шектеулі тәсілді қолдануды ұсынады. АСӨ дейін қаралған 'Peruvian Guano' (1882) ісінде «тиісті» тексеруді қажет ететін құжаттар өте үлкен болған. Бұл бірінен кейін бірі болатын тергеулердің нәтижесінде талап қоюшы тарапқа негізгі мәселені анықтауға негіз болады. 1880 жылы бұл тәсіл коммерциялық мөрлердің аз болуы нәтижесінде аз шығын алып келді. Ол кезеңде машиналар мен техника дамымаған кезең болатын.

Ал XX ғасырдың соңында сот талқылауы фотокөшірмелеу мен электронды деректердің барлық нысанының жаппай енгізілуінен зардап шекті. Адвокаттар көптеген құжаттарды қарауына тура келді. Тараптар ірі заң жиындары есебінен «тиісті» құжаттарды анықтауда кең талап қоюларын қолданды. Анықтау процесінің ұзақ болуы кешіктіруге алып келді. Дәл сондай процесс өзге тарапты қағаздардың көптігінен қорқытты.

1998 жылы Lord Woolf's жүргізілген «қалыпты анықтау» қиындықтардың алдын алып, талап қою сипатына қарай процесті оңтайландыруға бағытталды. Тарап тексеруді кеңейтіп, өзінің немесе оппоненттің ісіне ықпал ететін құжаттарды анықтауы қажет. «Қалыпты анықтау» ордері «шағын талап қоюлардан» басқа барлық сот процессін реттейді. Қалай болғанда да технологиялық өзгерістер ақпаратты анықтау жүйесін сынға алуын жалғастыруда. АСӨ сай, «құжат» ретінде «ақпарат жазылған кез-келген сипаттауды» түсінген жөн, олардың қатарына:

- электронды немесе қағаз құжат;
- визуалды, аудио, өнертапқыш, әдеби құжат;
- электронды почта мен электронды сауда материалдары жатады.



Бұл анықтауға шыдамдылық танытуды талап етті. Электронды техникалық өзгерістерге байланысты 1998 жылдан бастап Ережеге электронды ақпаратты анықтау мәселесіне қатысты өзгерістер енгізілді.

### 3.5 Апелляция бойынша шектеулер

Ағылшын талап қоюларының барлығы істі тез арада шешуді талап етеді. Төменгі инстанцияда шешім шыққаннан он төрт күннен кейін, шешімді өзгерту кассациялық инстанциядан (төменгі инстанцияда рұқсат алынбаған болса) сұралады. Сонымен қатар ағылшын апелляциялық тәжірибесі шектелген жүйеде жұмыс жасайды. Апелляциялық сот ауызша айғақтарды өте сирек қабылдайды. Ол сондай-ақ сот талқылауы барысында тараптар жіберіп алған немесе кешіктіріп ұсынған айғақтарын да қабылдамайды (15.73 ff).

### 3.6 Тараптарға қарсы санкция шығындары

«Азаматтық істер бойынша сот талқылауына шолуда» Лорд судья Jackson's (2009-2010) шығындар мен қаржыландыру тақырыбын егжей-тегжейлі баяндаған болатын (18.05). Woolf reforms' (1998) азаматтық сот өндірісінің жоғарғы құнының мәселесін жеңілдетеді деп күтілді. Дегенмен жағдай жеңілдемеді. Лорд-судья Vuxton Willis қарсы тарап Nicolson (2007) арасында болған апелляциялық сот ісіне өз өкінішін білдірді:

«Англия мен Уэльстегі азаматтық сот өндірісінің жоғарғы құны нақты іс бойынша тараптардың ғана емес, барлық сот жүйесіне қатысатын тараптардың алаңдаушылығын тудырады... Қазіргі сот өндірісі құнының жоғары болуының бір элементі ретінде істі жүргізетін білікті мамандардың жыл сайынғы табысымен байланысты. Қазіргі таңда жұмыс жасайтын шығындар жүйесі бұл мәселені шеше алмайды».

Соттар шығынның негізді болуын және көлемінің заңды болуын анықтайтын бірнеше талаптарды қолданады. Талаптар қатарына келесі мәселелерді жатқызған жөн:

- тараптардың сот талқылауына дейін және сот талқылауы барысындағы әрекеті;
- мәселені шешуге талпынған әрекеттері;
- істің құны немесе жалпы суммасы;
- тараптар үшін даудың маңызы;
- істің өзектілігі, күрделілігі мен маңызы;
- арнайы білімдер мен жауапкершілігі;
- іске жұмсалған уақыт; жұмыс орындалған жалпы жағдай.

«Қалыпты шығындар» сот өндірісінде ең жақсы «марапат» болып табылады. Кейбір істерде жауапкер тараптың сот өндірісі барысында әрекеті құқыққа қайшы болған жағдайда, сот өзге тараптың «шығындарын өтеу» туралы жауапкершілікті жүктеуі мүмкін. «Шығындарды өтеу» жауапкерді барлық сот өндірісі шығындарын толық төлеу жауапкершілігіне алып келуі мүмкін. «Қалыпты шығындар» тараптардың сот шығындарының пропорционалды түрде бөлініп үлестіруін қарастырады. Керісінше «пропорционалдылық» «шығындарды өтеуді» реттеуді қарастырмайды.

Шығындар құнын өтеуге мысал ретінде:

- Жауапкердің дауды реттеу туралы ұсынысты негізсіз қабылдамауы;
- Болашағы жоқ сот талқылауы;
- Тарап сарапшысының толық емес қорытындысы.

### 3.7 Заңгерлер мен сарапшыларды тәртіпке үйрету

Адвокатқа істі тиісті деңгейде жүргізбеген кезде сот оны «бос жұмсалған шығындарды» төлеуге міндеттеуі немесе оның құқыққа қайшы әрекеттері үшін шығындарын өтеуіне рұқсат бермеуі мүмкін (18.50). Бұндай бұйрық істі тез арада талқылауға дайындау барысындағы бұрынғы әрекеттері үшін де қолданылуы мүмкін. Дегенмен соттар шығындармен байланысты сот талқылауының ұзақ эпилогқа айналуына жол бермеуге тырысады. Соттар сондай-ақ адвокаттарды іс жүргізуге қатысты әрекеттерін сынай алады. Соттардың сыни көзқарастары ағылшын адвокаттарының арасында әлі күнге дейін айқын байқалады. Іс барында сарапшының қорытындысы бұрмаланған жағдайда, сот шығындарын төлеу үшін куәгер-сарапшы тартылуы мүмкін, мұндай жағдайда сарапшының құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан сот шығындары босқа жұмсалған болып саналады.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Күрделі сот талқылауы

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

#### **4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ (АПК) БОЙЫНША КҮРДЕЛІ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН СОТ ШЫҒЫСТАРЫ**

ҚР АПК 183-бап «Бірінші сатыдағы соттың азаматтық істерді қарау және шешу мерзімдері» бойынша:

1. Азаматтық істі қарау мерзімі оның іс жүзіндегі күрделілігіне және іске қатысатын адамдардың мүдделеріне сәйкес келуге тиіс.

2. Сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап екі айға дейінгі мерзімде азаматтық істерді қарайды және шешеді.

ҚР АПК 164-бапқа «Істі сот талқылауына дайындаудың мерзімдері» сай:

1. Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

1-1. Аса күрделі істер бойынша іс жүргізу мерзімі судьяның ұйғарымы бойынша бір айға қосымша ұзартылуы мүмкін.

ҚР АПК 109-бабы «Сот шығыстарын тараптардың арасында бөлу» бойынша:

1. Сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығыстар талап қоюшыға – талап қою талаптарының сот қанағаттандырған мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып беріледі.

2. Егер іске қатысатын адамның заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің наразылық немесе сотқа дейінге өзге де тәртібін бұзуы, оның ішінде наразылыққа жауап беру мерзімін бұзуы, наразылықты жауапсыз қалдыруы, сондай-ақ заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібін бұзуы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне қарамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді.

Сот, процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың АПК белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы.

#### **»Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер**

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.